

**"Донорларға қосымша көтермелеу беру туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 6С-43-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облыстық мәслихатының 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 7С-14-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қаңтарда № 26669 болып тіркелді

Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақмола облыстық мәслихатының "Донорларға қосымша көтермелеу беру туралы" 2020 жылғы 21 мамырдағы № 6С-43-6 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7865 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Донорларға бір реттік қан донациясы үшін, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген мөлшерде, 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша көтермелеу берілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық мәслихатының хатшысы*

*М.Балпан*